

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

**Базалық (тірек)
конспекттер**

«Адам. Қоғам. Құқық» пәні бойынша

- 0701000 – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»
0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»
0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»
0704000- « Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»
1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»
мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән
бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № 4 дан «4» XII 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.



Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 2018 жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 2019 жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары  Минаева Н.Т.



Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1
Қортынды бақылау - сынақ

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

**Базалық (тірек)
конспекттер**

«Адам. Қоғам. Қоғамдық қатынастар» пәні бойынша

0701000 – «Геологиялық түсірім, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»

0702000 – «Пайдалы қазба кенорындарын барлау техникасы және технологиясы»

0703000 – «Гидрогеология және инженерлі геология»

0704000- « Пайдалы қазба кенорындарын барлау және іздеудің геофизикалық әдістері»

1514000 –«Экология және кенді пайдалану облысында табиғи ресурстарды тиімді пайдалану» мамандықтарына арналған

Дайындаған оқытушы

Омарбекова Ж.С.

Әлеуметтік-экономикалық пән

бірлестігінің отырысында қаралды

Хаттама № __ дан «__» _____ 2019ж.

ПБ төрағасы Жумадилов Б.Ш.

Семей қ.

Базалық (тірек) конспекттер 20___ жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 20___ жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.

Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

ОЖ бойынша директор орынбасары _____ Минаева Н.Т.

Міндетті бақылау жұмыстарының саны - 1

Қортынды бақылау - сынақ

Мазмұны

№	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Бет
	I бөлім. Адам.Қоғам.Қоғамдық қатынастар	4
1.	Адам.Қоғам.Қоғамдық қатынастар	4
2.	Қазақ ойшылдарының адам мен қоғам туралы пікірлері	6
	II бөлім. Өркениет	9
3.	Өркениет түсінігі,қалыптасуы мен тарихи үрдісі.Қазақстандық өркениет	9
	III бөлім. Қоғамның әлеуметтік құрылымы	13
4.	Қоғамның әлеуметтік құрылымы	13
5.	ҚР азаматтарының әлеуметтік құқықтары мен бостандықтары.	15
	IV бөлім. Неке және отбасы	17
6.	Неке және отбасы	17
7.	Отбасы қатынастарының құқықтық негіздері	19
	V бөлім. Ұлт және ұлттық қатынастар.Демография	21
8.	Ұлт және ұлттық қатынастар Демография түсінігі. Қазақстан Республикасындағы ұлт мәселесі.Демография түсінігі.	21
	VI бөлім. Экономика,оның қоғам өміріндегі орны мен ролі.	25
9.	Экономика түсінігі,оның қоғам өміріндегі орны мен ролі.Меншік дәрежесінде экономикалық және құқықтық ұғымы.	25
	VII бөлім. Саясат және қоғамның саяси өмірі	30
10.	Саясат және қоғамның саяси өмірі.Саяси процесс.	30
11.	Құқықтық мемлекет.Азаматтық қоғам.	33
	VIII бөлім. Қоғамның рухани құндылықтары	35
12.	Қоғамның рухани құндылықтары. Мәдениет	35
13.	Дін,әлемдік діндер.Дінің қоғам өміріндегі ролі.	37
	IX бөлім. Қоғам және қазіргі кезеңдегі ғаламдық мәселелер	40
14.	Қазіргі замандағы Әлемнің өркениеттің дамуы.Қазіргі кезеңдегі ғаламдық проблемалар.	40
15.	Қорытынды.	43
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	45

Сабақтың тақырыбы: №1 Адам. Қоғам. Қоғамдық қатынастар.

1.Адам туралы түсінік.

2.Адам туралы категориялар.

Ғалымдардың жорамалдауынша, бұдан 40 мың жыл бұрын жер бетінде адам өкілі пайда болды. Адам және оның тегі туралы аңыздардағы түсінулерде алуан түрлі. Адам, мәселесімен антропология, социология, этнология, педогогика, психология ғылымдары айналысады. Адам туралы барлық ғылыми ұғымдар мен пайымдаулардың жиынтығы адам мәселесін құрайды.

Субъект және объект философиялық категориялар.

Субъект-белсенді әрекет жасайтын және тануға қабілетті, санасы мен еркі бар индивид немесе әлеуметтік топ. Объект субъектінің танымдық және өзге қызметі бағытталған нәрсе, зерттелетін зат, құбылыс.

Мәнділік-өзгелермен үнемі байланыста, өзара әрекеттесуде және үнемі өзгерісте болатын нәрсе немесе жан иесі.

Даралықтың сипаты. Даралық деп абсолютті, қайталанбайтын, кеңістіктің сол нүктесінде, уақыттың сол мезетінде ғана өмір сүретін, кез келген өзге даралықтан мәнді айырмасы бар, сонысымен уақыт пен кеңістіктің өзіндей, іштей шексізіндігін айтамыз.

Жеке адам ұғымы.

Жеке адам туралы ғылыми түсінік адамды қоғамдық қатынастардың жиынтығының көрінісі ретінде қарастыратын биопсихоәлеуметтік организм деген түсінікке негізделеді. Жеке адам деп белгілі - бір әлеуметтік ортаның өкілін, қоғам мүшесін айтамыз. Жеке адам - объектлердің бір түрінен, тегінен, классынан бөлініп шыққан, жеке объект. Адам адамзаттың жалпы өкілі, Нақты антропологиялық және әлеуметтік белгілеріне қарамастан ол-жеке адам, демек индивид, әр адамның өмірі әр түрлі өтеді, әр адам әлеуметтік өмірден тек өзі болған жерден, өз мүмкіндігінше, өзіне тиісті ғана болады.

Тұлға - қоғам мүшесі ретіндегі, әлеуметтік даралық сапасындағы адам,

қоғамдық қатынастардың жиындарды айқындап тұратын биоәлеуметтік өмір сүруші, әлеуметтік өмірде болып жатқанының барлығын жинақтап, өз бойына сіңірген адам. Тұлғаның қалыптасу шегін айқындау мүмкін емес. Ол үдеріс өмір бойы жүріп жатады. Егер адам жеке басының бақыты үшін және қоғамның мүддесі үшін белсенді әрекет ете бастаса, сол кезден бастап оның тұлға ретіндегі әрекетінің мәні мен мазмұны туралы айтуға болады.

Қоғам деген ұғым әлеуметтану ғылымдарының басты категориясы болып табылады. Күнделікті өмірде бұл кең түрде және әртүрлі мағынада қолданылады. Мәселен:

- 1) таңдаулы адамдардың қоғамы;
- 2) театр өнерін сүйюшілер қоғамы;
- 3) Ресей мен Қазақстан қоғамы;
- 4) адамзат қоғамы.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. «Адам» сіздің түсініңіз бойынша кім немесе не? Ақпараттарға сүйеніп өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алады ма? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
3. Сіз қоғамдық қатнастарыңызды күнделікті өмірде қалай құрасыз? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. Сіз қалай ойлайсыз армандағы қоғам құруға болады ма? Толық жауап беріңіз.

Сабак тақырыбы:№2: Қазақ ойшылдарының адам мен қоғам туралы пікірлері.

1.Қазақ ойшылдардың қоғам туралы пікірлерін түсіну.

2.Ұлы ойшылдардың қоғамға деген игі істері.

XIX ғ. Қазақ ойшылдарының қоғам туралы пайымдаулары қазақ халқының патшалық отарлық жүйедегі жағдайына баиланысты болды. Бұл сол кезеңдегі қоғамдық ойдың көрнекті өкілдері Ш.Уәлиханов ,Ы.Алтынсарин, Абайдың жер мәселелеріне ,қарапайым халықтың сауат ашуына ,түрлі заңдарға қатысты, т.б. әлеуметтік мәселелерді көтеруінен көрініс берді. Ш.Уәлиханов адам құқықтарының империя құрамындағы отарлық жағдайдағы ұлт өкілдерінің құқығын қорғау мәселелерімен тікелей араласты Қырғыз қазақтардың құқығын жүзеге асырудың әділ жолы билер сотын сақтап қалудың маңыздылығына назар аударды. Адам мәселесі Абай дүниетанымының да өзегі болды. Оның пайымдауынша, космогониялық мәнде Алла - әлемді жаратушы құдырет. Адамның барлық махаббаты жаратушыға орналуы керек дей отырып, Абай бұл жолда да гуманисттік бағытта болды. Имам, молдалардай Аллаға құлшылық етуді адамның еңсесін езу құралына айналдыруға болмайды. Адамзаттың бәрін сүй, бауыырым деп ұстанымымен ел адамдарды дініне, нәсіліне, ұлтына, қарап бөлуге қарсылығын білдірді. Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар дүниеде адал басқа дей отырып, Абай Ислам дініндей пайғамбар субстанциясын аттап өтіп, Адам Алла арнасын тура жалғастырады.

Исламдағы суфисттік дүниетанымға сыни көзқараста болды. Абайда хакімдердің рөліне көп көңіл бөлінген. Хакімдер ұйқы, тыныштық әуестік сияқты қызықтың бәрін жинап қойып, адам басына пайдалы іс тындыруы тиіс.

1913 ж. Қазақ газеті шыққан соң Оян қазақ ұраны көпшілікті өнер-білімге шақыру, азаттықа ұмтылдыру нысанасы болды. М. Әуезовтің сөзімен айтқанда ,елшіл идеология; қалыптаса бастады.Ұлттың мақсаты мен тілегі халықшылдық көзқараста қойылып жатты.

Сол жылдары бүкіл қазақ елінің ұлт зиялыларының ең өрелі тобын құраған Ә.Бөкейханов, М. Дулатұлы, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Жұмабаевтар елді аузына қаратты. Осы жылы «Алаш» партиясы құрылды.

Қазақ халқының сол кездегі қоғамдық ойының жетістігі алашордашылардың қабылдаған бағдармаларынан көрініс тапты.

XIX ғ. ағартушылық философиясы.

XIX ғ. Қазақ ойшылдарының қоғам туралы пайымдаулары қазақ халқының патшалық отарлық жүйедегі жағдайына байланысты болды. Бұл сол кездегі қоғамдық ойдың көрнекті өкілдері Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, Абайдың жер мәселелеріне, қарапайым халықтың сауат ашуына, түрлі заңдарға қатысты тағы басқа әлеуметтік мәселелерді көтеруінен көрінеді.

Ш.Уалиханов адам құқықтарының соның ішінде империяның құрамындағы отарлық жағдайдағы ұлт өкілдерінің құқығын қорғау мәселелерімен тікелей араласты. Қырғыз қазақтардың құқығын жүзеге асырудың әділ жолы билер сотын сақтап қалудың маңыздылығына назар аударды.

Адам мәселесі Абай дүниетанымының өзегі болды. Оның пайымдауынша, Алла әлемді жаратушы күдірет. «Адамның барлық махаббаты жаратушыға арналуы керек» дей отырып, Абай бұл жолда да гуманистік бағытта болды. Имам, молдалардай Аллаға құлшылық етуді адамның еңсесін езу құралына айналдыруға болмайды.

1905-1913.жж. оқиғалардың әсерінен өркендеп, кеңірек тарала бастаған социал-демократиялық бағыт қазақ жеріне келіп жетті. Әр тұстан қоғамның алға басуына қатысы бар идеялар қылаң берді. Ағартушы демократиялық бағыттағы ақындар мен жазушылар бұқараны білімге, өнерге үндеу барысында едәуір бедел жинап, танымал бола бастады. «Айқап» журналының төңірегіне жиналған қазақ оқығандары сол кездің өзінде елдің келешегінің жарқын болуын отырықшылықпен байланыстырды.

1913.ж. «Қазақ» газеті шыққан соң «Оян қазақ» ұраны алдыңғы лекке шығып, көпшілікті өнер-білімге шақыру, отаршылықтан құтылуға, азаттыққа

ұмтылдыру нысанасы ұсталды. Мәдени-ағарту бағытын ұстанған түрлі ұйымдар мен үйірмелер Омбы, Орынбор, Семей, Ақмола, Орал, Торғай, Қызылжар, Атбасар, Спасск, Зайсан қалалары мен елді мекендерінде жұмыс істеп жатты. 1917 ж. революциялардың алдындағы түрлі көзқарастар мен ойлардың сипаты туралы қазақтың көрнекті ғалымы С.Асфандияров буржуазиялық –демократиялық қозғалыстың қазақ даласына жеткендігі оны ұлт зиялысының ту ретінде бағаланады.

1917.ж.ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясын қазақ зиялылары қуана қарсы алды.Сол жылдары бүкіл қазақ елінің ұлт зиялысын құраған Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, М.Дулатұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров т.б. елді аузына қаратты.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Ежелгі Қазақстандағы қоғамға деген пікірлерінің күзіреттерін мінездеп беріңіз. Оның ерекшелігі неде? Толық жауап беріңіз.
2. Абай Құнанбаев және Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы адам және қоғам тақырыптарын қалай түсінесіз? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
3. XX ғасыр басындағы Қазақстанның адам және қоғам туралы озық ойларын түсіндіріңіз. Сіздің ойыңызша оның озықтығы неде? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. XX ғ басындағы еуропалық және отандық философиялық ойларға параллель жүргізіңіз. Өз жауабыңызға толық сараптама беріңіз.

Сабақ тақырыбы: №3 Өркениет түсінігі, қалыптасуы мен тарихи үрдісі. Қазақстандық өркениет

1. Мәдениет ұғымын түсіну

2. Жеке адам мен мәдениет арақатынасындағы байланыс.

3. Қазақстандық өркениеттің қалыптасуы.

4. Қазақстан өркениетінің ерекшелігі.

Мәдениет – философиялық ой – толғамның аса маңызды, терең теориялық мәнді ұғымдарының бірі. Мәдениет ұғымы қоғам өмірінің түрлі салаларына байланысты жиі пайданылады сонымен қатар адамзат тарихын зерттеушілер де мәдениет мәселесін қамтымайынша дұрыс қайымдаулар жасай алмайтынын ескерте кету керек.

Мәдениет негізі – еңбек. Еңбек неғұрлым күрделі болған сайын, мәдениетте жаңа сипат алып отырады. Алғашқы еңбек бөлінісінен қазіргі кезеңге дейін еңбек материалдық өндіріс мәдениетін жетілдірудің негізі болып келеді. Мәдениет адамсыз жасалмайды. Адам дамуы мәдениетке байланысты. Тек осы өзара тәуелдікті анықтай алғанда ғана мәдениеттің адамзат тарихында, адам өмірінде алатын орын түсінуге болады.

Мәдениет тарихи процесстермен үштасып жасады, сол тарихи процесстердің тікелей туындысы болып табылады. Сонымен бірге мәдениеттің бір ерекшелігі оның өз бойындағы сабақтастықты терең сақтай білуінде. Мәдениеттің түсіне үшін тарихи дәуірді білу, оның өндірістік қатынастары қандай болғаны анықтау, өмір салты, рухани дүниесі қандай ерекшеліктерімен анықталатынын ажырата білу керек.

Сонымен бірге өркениеттілік пен мәдениеттің өзара байланысының сипаты қоғам құрылысына қарай өзгеріп отыратының да айту қажет. Антагонистік қоғамдарда олар жолында қиын терең қайшылықтар болады.

Мәдениет мәселесінің маңызды буындарының ішінде жеке адам мен мәдениет арақатынасы ерекше рөл атқарады. Жеке адам мәдениеттің субъектінде, объектінде болып табылады.

Бұл екі ұғым бір – біріне өте жақын. Бірақ бір емес. Мәдениет-адам баласының ақылымен, қолымен жабайы табиғаттан бөліп алып өндеген заты, құбылыс. Оның екі түрі бар: бірі – материалдық жасанды дүние, екіншісі – рухани дүние. Біріншісіне – үй, өндіріс, киім – кешек, т.б. екіншісіне – қисса, ертеке, өлең жыр, діни ғылыми ұғымдар, т.б. жатады. Өркениеттілік деген термин үш түрлі мағынада қолданылады. Кең көлемді алғанда – алғашқы қауымдық құрылыстан таптық қоғамға көшу, одан тарлау мағынасында – әрбір елдің өз алдына даму ерекшеліктері, айталық, Үнді өркениет, Вавилон өркениеті, т.б. Жоғары дамыған күрделі техника да, ғылыми табыстар да әр түрлі мақсатқа қолданылуы мүмкін. Өркениеттілікке оларды тек қоғамдық прогреске қызмет еккізу жатады. Мәселен АҚШ – озық дамыған капиталистік ел.

Мәдениет пен қоғам өзара тікелей байланысты. Қоғамның даму сатысы өзіне келетін мәдениет деңгейімен сипатталады, мәдениет қоғам жағдайына тәуелді. Кейде мәдениетті қоғамның белгілі бір тармағын ғана қамтитын құбылыс ретінде – сипаттау да кездеседі. Бұл пікірдің дұрыс жақтары бар. Дүниежүзілік мәдениеттің даму – мәдениетінің бәр сатыда екінші сатыға көтерілуі, ол қоғамдық экономикалық формациялар ауысуымен анықталатын процесс, яғни мәдениеттің мазмұны қоғамдағы өзгерістерге тәуелді болады.

Ежелгі өркениеттер әлемі ғасырлар бойы сақталған және ежелгі Мысырдың дамуына тікелей әсер еткен Африка мен Оңтүстік Аравия өркениеттерін, Ежелгі Парсы өркениетін, ежелгі Ауғанды қамтиды. Кіші Азиядағы өркениет Еуропа мен Азия арасындағы мәдени жетістіктерді алмастырып отыратын табиғи көпір іспетті болды. Ежелгі Оңтүстік Азия елдері де тек өздеріне тән қайталанбас мәдениет жасады. Ежелгі Жапон өркениеті өзінің мәдени құндылықтарын уақыт өте, өз тылсымдылығымен әлі де таңдандырып келеді. Өркениеттер арасынан тарихшылар әлемнің әр өңірінде, дамудың түрлі кезеңдерінде өмір сүрген елдерді немесе елдер топтарын бөліп алып қарастырады. Олардың ішінде айрықша маңызы бар өркениеттер тобы ежелгі Үндістанды, Қытайды, Вавилонды, Египетті және

Шығыстағы мұсылман мемлекеттерін құрайтын топтар жатады. Шығыс адамының еркі жоқ, тек міндеті болды, және ол оны табиғи міндет ретінде қабылдады. Адамның парызы қатаң заңдастырылғандықтан, ең жоғарғы билеушіден соңғы боданға дейін бағылу жүйесіне қарсы келмей, дәстүр мен жоралғыларды қалтқысыз сақтау түбегейлі орнықты. Табиғатпен етене байланыста болды, өзі өмір сүріп отырған ортадан ажырамады. Өзін ғаламның, табиғаттың бір бөлігімен деп есептегендіктен, ол өзін қоршаған ортаға қарсы қоймайды. Дүние жүзіндегі алғашқы университет Шығыста ашылды. Жаңа тарихқа дейінгі кезеңдегі ғылым мен өндіріс технологиясының теңдесі жоқ жаңалықтарының басым көпшілігі Шығыста пайда болды. Қағаз, компас, оқ - дәрі, әлемнің гелиоцентристік жүйесі – алдымен Шығыста пайда болды. Б.з.д. VIII-VI.ғ.ғ. Грекияда өзгеше ақша айналысы жүйесі, нарық және саяси ұйымдасудың негізгі формасы – полис қалыптасты. Халықтардың егемендігі мен басқарудың демократиялық формалары туралы идеялар көтерілді. Сол кездің өзінде – ақ Грекияда ғылымның, философияның маңызды элементтері көрініс беріп, мәдениеттің түрлі салалары өркен жая бастады. Темір құралдардың пайда болуымен шаруашылық алға басып, қол өнер бөлініп шықты. Сауданың дамуына байланысты металл теңгелер пайда болды. Дүниені жаңа тұрғыдан түсінуге бағытталған философияның дамуы үшін ерекше маңызды болды. Ежелгі Рим өркениеті Батыс өркениетінің ішінде ерекше орын алады. Римде қазіргі заманғы құқықтың негізі қаланды және ол бірнеше ғасырға созылған уақыт ішінде орнықты. Римдік заңгерлер құқықты жеке адамдардың пайдасын көздейтін жеке құқық және Рим мемлекетінің жағдаятына қатысты жалшығаттық құқық деп екіге бөлінді. Еуропадағы орта ғасырлық қала өзі бір кішкентай мемлекет сияқты, өзімен-өзі тұйық өмір сүріп жатты. Қалалықтар феодалдармен ұзаққа созылған күрес жүргізді. Орта ғасырлық қалалардың өзіндік ерекшелігі – оларда барлық сословиелердің өкілдері аралас тіршілік етті, және сауда мен қолөнердің орталығы ретінде дамыды. Қалаларда қолөнершілер кәсіптері бойынша цехтарға бірікті.

Қазақстан өркениетінің қалыптасуы.

Біздің санамызда қазақ көшпелі халық болған деген тұжырым мықтап орнап қалған. Бұл негізсіз де емес. Дегенмен қазақтың оның тегі – ежелгі түркі ұлыстарының дабәрінің таза көшпенді өмір кешпегенін естен шығаруға болмайды. Қазақ ешқашан қаласыз болған емес. Жоңғарлар шабуылы басталардан бұрын Оңтүстік Қазақстанның өзінде 40-қа жуық қалалы елді мекен болды. Өркениеттілік алдымен қаламен байланыстырылды. Біріншіден Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының бақыттан алатын үлкен үлесі бар» екендігі, екіншіден, қазақтың қаласыз халық емес екендігінде, қалалы болғанда сонау орта ғасырдың өзінде қазақтың әдемі қаласы болғандығы-биік өркениетті жасай алғандығында. Адамзат тарихында көшпелі қалықтар аз болмаған. Солардың ішінде (қоғамдық-экономикалық құрылыстың) 3-мың жыл бойы тарихта көрінген, Еуразияның орталығындағы ұлан-байтақ аумақты мекендеген түркі халықтары-қазіргі қазақтар және т. б. түркі тілді халықтар. Көшпелілер өркениеті-түркі өркениетінің құрамдас бөлігі және жалпы адамзат өркениетінің бір формасы болып табылады. Қазақ өркениетінің табиғатпен байланысы өте тығыз. Көшпелілер сұлу табиғат аясында малын айдап, бір орыннан екінші орынға жылжып отырды. Сол жолда таулар, көлдер, өзендер, жазықтар т.б. бірінен соң бірі алмасып өтіп жатты. Халықты аясына алып әлдилеген сұлу табиғат оның көкірегіне әсем ән мен тәтті күйді ұялатты. Табиғатпен үнемі етене байланыста болу, төл өсіру, жан-жануармен жақындық адамды мейірімділікке баулиды. Қазақ жатты жақын етіп тартып тұратын, өзге үшін өзінікін аямайтын мейірімді халық. Малшы халықтар сөз бен саз өнеріне икемді болады. Малды малшы-жалпы баққандықтан ақсүйек, бай-шонжар, сал-сері қауымның қолы бос болды. Олар өмірін сауық-сайранмен өткізді. Қыстаудан жайлауға көшіп барудың өзі ойын-күлкі, ән-жыр, айтыспен өтті. Мұны көш-қызығы деді. Сал-сері, ақын, әнші, жыраулар өмір бойы ео арасында өнер таратумен күн өткізді. Өмір салты халықтың рухани әлемін айқындайды. Көшпелілердің

өнерге, әсіресе поэзия мен саз өнеріне бейім болуы, халықтың ауызша шығармашылығының мол болуынан. Мысалы: “Қырымның қырық батыры”.

Көшпелілер үшін ар тазалығы-ең қастерлі, қымбат бағаланатын, жоғары ұсталынатын идеялардың бірі. Қазақ батырларының барлығы қарсыласын таза жеңіспен жеңіуді мұрат еткен. Сертте тұру, сөзде тұру-бұлжымас моральдық қағида. Қазақ ұстанымы:

“ Малым - жанымның садағасы,
Жаным – арымның садағасы.”

Арды асқақтату, сертте тұру, сөзге тоқтау казактардың қоғамдық қатынастарындағы айқындаушы категория деңгейіне дейін көтерілді.

Көшпелілерде қатыгездіктен мейірімділік басым, әділетсіздіктен әділеттілік басым, қайыршылықтан мырзашылық басым, жұпынылықтан салтанат басым, мұннан жайдарылық басым болды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Өркениет деген не?
2. Батыс өркениетіне сипаттама беріндер.
3. Қазақстан өркениетің ерекшеліктері.
4. Көшпелілер өркениетінде табиғаттың алатын орны қандай?

Сабақ тақырыбы:№4: Қоғамның әлеуметтік құрылымы.

1. «Әлеуметтік құрылым» ұғымын толықтай түсіну
2. Әлеуметтік құрылымның топтарға жіктелуі

«Әлеуметтік құрылым» ұғымы «әлеумет» деген қазақ сөзі халық бұқарасы, көпшілік, жамағат мағынасында қолданылады, қандай болмасын белгілі бір топқа біріккен адамдардың жиынын көрсетеді. Егер бұл терминді ел ауқымында қолданатын болсақ, онда мәселе бүкіл Қазақстанда тұратын барлық азаматтарға қатысты болып отырады. «Әлеумет» сөзі шағын топтарға қатысты да қолданыла береді. Құрылым (лат. STRUCTURA, орысша строение - құрылым) - жүйені құрайтын элементтердің реттілік формасы. Тұтастықтың қандай болса да, белгілі бір компоненттерден құралады. Ол

компоненттер бір бірімен органикалық байланыста, тұрақты қатынаста болып отырады. Ал құрылым болса, сол байланыстар мен қатынастардың бірлігі ретінде көрініс береді. Сонда қазақстанның әлеуметтік құрылымы деп біз бүкіл ел азаматтарының түрлі белгілеріне қарай бір бірімен тұрақты қатынастарда болатын топтарға жіктелуін айтамыз. Қандай қоғам болмасын, өзінің бағыт алған саяси стратегиясына қарамастан, таптардан болып жатқан әлеуметтік топтардан және қабаттардан (лат. *stratum*, орысша: слой - қабат) тұрады. Қоғамды құрайтын әлеуметті тұрған жеріне қарай - қалалықтар және ауылдықтар; жасына қарай балалар, жастар, орта жастағылар, кәрілер; жынысына қарай ерлер, әйелдер; меншікке қатынасына қарай - байлар, кедейлер; кәсібіне қарай - фермерлер, жұмысшылар; кәсіпкерлер біліміне қарай - зиялылар («сары жағалылар», «көк жағалылар»); ұлтына қарай - қазақ, орыс, украиндар, неміс, ұйғыр, карейлер, өзбектер, поляктар, түріктер, т. б. болып толып жатқан топтарға жіктеуге болады.

Топтар өздерін құраған адамдардың сандық мөлшеріне қарай макротоптар және микротоптар болып бөлінеді. Макротоптарға (грекше *micros* - үлкен) бүкіл қоғам, өркениет, ұлт сияқты әлеуметтік тұрақтылар мен жүйелер жатады. Қазақстан халқы немесе қазақ ұлты десек, олар макротоптардың мысалдары бола алады. Микротоптарға (грекше *micro* - кіші) адамдардың бірігіп өмір сүруі мен еңбек ету үрдісінде құрылатын шағын топтар кіреді. Бұған мысал ретінде қоғамның негізгі ұясы болып табылатын немесе еңбек ұжымы сияқты топтасулар жатады. Макротоптылар тұрақты, салыстырмалы ұзақ өмір сүреді. Ал микротоптылардың өмірлері ұзақ болмайды, олардың кейбіреулері уақытша құрылып сонан кейін тарап кетіп жатады.

Қоғамның таптар мен қабаттарға жіктелуі.

Қазіргі қазақстан қоғамын құрайтын адамдар топтарын өзге өркениетті елдердегідей негізінен үш тапқа: жоғарғы тап, орта тап, төменгі тап деп бөліп қарастыруға болады. Тиісінше ол таптардың өздері бірнеше таптардан тұруы мүмкін. Әлеуметті таптарға бөлудің негізгі ұстанымы ретінде алдымен қоғам мүшелерінің, сол қоғам өндіретін материалдық игілікке қатынасы алынады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Әлеуметтік құрылым және қоғам дифференциация түсініктерін сызба түрінде көрсетіңіз.
2. П. Сорокинның стартификациялар теориясын, «элита» теориясын түсіндіріңіз. Өзіңіздің қандай штрихтарыңызды енгізер едіңіз?
3. Әлеуметтік топтар «люмпендер», «маргиналдар», сендер оны тарихи дамудың тілдігінде қалай түсінесіз?
4. Қазіргі Қазақстанның қоғамдық құрылымын түсіндіріңдер.

Сабак тақырыбы:№5 Қазақстан Республикасындағы азаматтардың әлеуметтік құқығы мен еркіндігі.

1. "Адам", "жеке адам","азамат" санаттарының арақатынасының маңызы.

2. Адам құқығына мынадай белгілері.

Адам және азамат құқығын қарастыру алдында "адам", "жеке адам","азамат" санаттарының арақатынасын білу маңызды. "Адам" ұғымы табиғи тұрпатта сипатталады, яғни арнайы физиологиялық қасиеттерді бойына сіңірген тіршілік әлемінің өкілі ретінде. "Жеке адам" ұғымы адамды әлеуметтік тұрғыда сипаттайды, яғни қоғамда өзінің рөлі мен орнын және „оның алдындағы жауапкершілігін сезінуі (мүмкін болған жағдайлар, егерде адам әр түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты жеке адам бойында болатын қасиеттерді иемденбесе, мысалы, психикалық аурудың салдарынан соғ оны әрекет қабілеттілігі жоқ деп таныса)."Азамат" ұғымы адамды заңды тұрғыда сипаттайды, яғни адамның нақты бір мемлекетпен тұрақты құқықтық байланыстылығын қарастырады. Адам құқығы- адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын демократиялық құндылық. Адам құқығына мынадай белгілер тән:

- Олар қоғамда өмір жағдайының үнемі өзгеріп отыруына байланысты, адамның табиғи және әлеуметтік мәнділігі негізінде туындайды және дамиды;

- Объективті түрде қалыптасады;
- Туғанынан беріледі;
- Табиғи (су, жер, ауа, т.б. сияқты) қажеттілік болып табылады, ажыратылмас сипатта болады;
- Тікелей әрекеті болып табылады;
- Ең жоғары әлеуметтік құндылық болып танылады;
- Құқықтың қажетті бөлігі ретінде адамның өмір сүруінің нақты бір тұрпатын білдіреді;
- Жеке адамның өз қалауынша әрекет жасауына мүмкіндік жасайтын, сөйтіп нақты бір игіліктер алуын қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекеттің арасындағы қарымқатынастарды тұжырымдайтын қағидалар мен нормаларды білдіреді;
- Оларды мойындау, сақтау және қорғау-мемлекеттің міндеті - адамның өмір сүруі мен лайықты өмір кешу құқығын жүзеге асыру үшін оның дүниеге келуі ғана жеткілікті. Ал басқаша құқықтарын жүзеге асыру үшін адамда азамат, жеке адам қасиеттері болуы шарт. Адамның құқығы мен бостандығы табиғи және ажыратылмас болып табылады, туғаннан бастап беріледі және жоғары құндылық болып табылады. Мемлекеттің міндеті - адам құқықтарын сақтау, қорғау және мойындау. Мемлекет өзінің азаматтарына жеке адамның қажеттілігіне сәйкес келетін құқық пен бостандықтарды қамтамасыз етуге міндетті. Адам құқығы мемлекеттік мойындаудан және заңдық бекітулерден оның қандай да бір мемлекетке қатынасына қарамай тәуелсіз өмір сүреді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Азаматтардың әлеуметтік құқықтары мен бостандығы, олардың Қазақстан Республикасындағы кепілдемелері, дуализм көзқарасынан сіз оны қалай түсінесіз? Толық жауап беріңіз.
2. Әлеуметтік тәртіптің шамадан тыс ауып кетуінің себептері қандай? Бұл мәселені шешу мақсатында сіз құқық қызметкері болсаңыз қандай іс-әрекеттер қолданар едіңіз?Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

3. Гуманизм, сендердің түсініктерін бойынша қоғамдық қарым-қатынастан артық бағалы нәрсе бар ма? Мәселеге толық сараптама жасаңыз.
4. «Қазақстан - 2050» стратегиясының негізгі ерекшеліктері неде?

Сабақ тақырыбы: №6. Неке және отбасы.

1. Неке және отбасы туралы түсінік.

2. Некенің атқаратын қызметінің ерекшеліктері.

Отбасы - басты мақсат. Кез келген мемлекеттің қалыптасқан ахуалға қарай жүргізетін демографиялық саясаты болады. Әлемде кейбір елдер халықтың табиғи өсімін тежеу саясатын жүргізеді. Оған мысал ретінде ҚХР-ның әр отбасында бір ғана бала болуын дiттейтiн заңын алуға болады. Ендi бiр елдер өздерiнде бар тұрғындардың санын арттырмай, бар мөлшерiн сақтауға мүдделi. Ал бiздiң Қазақстан үшiн аталған екi жолдың екеуiде тиiмсiз, тiптi апатты жол болған болар едi. Қазақстан Республикасының жерiнiң кендiгi, табиғи ресурстарының молдығы, оларды игеру қажеттiгi тұрғындар санының үнеми өсiп отыруын қажет етедi. Қазақстан үшiн халық санын өсiрудiң миграциялық және табиғи жолдарының екеуiне де толық мүмкiндiктер жасау керек. Халық санының табиғи өсiмiн қамтамасыз етушi құрам-жастар. Қазақстанның азаматы болып табылатын әр жас адам дер кезiнде отбасын құрып, өмiрге бала әкелудi ең асқақ, барынша iзгi, мейлiнше қасиеттi борышы деп есептеуi керек. Бiздiң жас мемлекетiмiз үшiн әр бiр адам мен азамат ел тағдырын шешушi айқындаушы фактор. Қазақстан Республикасы үшiн басты байлық- оның жерiнiң кендiгi мен табиғи ресурстарының молдығы ғана емес, ең алдымен, оның адамдары деген сөзде үлкен мағына бар. «Бiр-екi бала жеткiлiктi» деп санау демографиялық саясат тұрғысынан алғанда дұрыс емес. Саналы демографиялық көзқарас қалыптастыру үшiн салықалы қоғамдық пiкiр керек. Үкiмет көп балалы аналарға қолдау көрсетуi тиiс.

Отбасы. Отбасы - ерлi-зайыптылардың, ата-аналардың, балалардың және басқа туыстардың ара қатынасын реттейтiн нормалардың, тәртiп үлгiлерiнiң

жиынтығымен сипатталатын әлеуметтік институт. Отбасы - қоғамның тірегі, оның алғашқы ұясы. Адам өмірінің мәні, алдымен, оның отбасының болуы немесе болмауымен өлшенеді. Отбасынсыз адам бақытты болуы мүмкін емес. Отбасының бірнеше түрі болады. Ата-анасы және балалары бар отбасы толық деп аталады. Ата-анасының біреуі ғана бар болса, ол толық емес отбасына жатады. Ата-анасы мен балаларынан басқа туыстары қосылып өмір сүріп жатқан отбасын күрделі отбасы деп атайды.

Неке. Неке-отбасын құру мақсатын көздеген ер мен әйелдің ерікті және тең одағы. Некеге отырған ерлі-зайыптылар бір-бірінің алдында белгілі- бір құқықтарға ие болады және міндеттер орындайды. Неке міндетті түрде тіркелуі керек. Тек тіркелген некеде тұрғандардың ғана әрекеттері заңды болады. Өмірде тіркелмей-ақ ерлі-зайыптыларша бірге тұратындар кездесе береді. Оларды әлеуметтанушылық-философиялық әдебиеттерде экспериментті отбасылар деп саралау қабылданған. Бұрынғы уақыттарда неке қию үрдісі мұсылмандар үшін мешітте, христиандар үшін шіркеуде өткізілген кездер болған. Зайырлы мемлекет болғандықтан, біздің елімізде эксперименттік те, діни мекемелердің араласуымен қиылған некенің де заңды күші жоқ. Тек мемлекеттік органдардың-Азаматтық хал актілерін тіркеу бюросы куәландырған некенің ғана заңды күші бар.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Отбасы деген не, өз түсініктеріңді беріңдер, болашақ қоғамның отбасын қалай көресіз?
2. Некенің атқаратын қызметінің ерекшеліктері қандай? Неке қарым-қатнасына өз түсініңізді беріңіз.
3. Азаматтық некеге қандай көзқарастасыз? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. Діни неке деген не? Діни көзқарасқа сүйеніп толық жауап беріңіз.

Сабақ тақырыбы: №7 Отбасы қатынастарының құқықтық негіздері.

1. Отбасы қатынастары жүзеге асырудың кепілдіктері.

2. Қазақстан Республикасының Отбасы қатынастарында кездесетін ұғымдар.

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы неке-отбасы қатынастарын, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың кепілдіктерін белгілеп, реттейді, отбасының дамуын Қазақстан Республикасы мемлекеттік әлеуметтік саясатының басым бағыты деп анықтай отырып, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) неке ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ;

2) жалған неке - отбасын құру ниетінсіз заңда белгіленген тәртіппен жасалған және ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін туғызбайтын неке;

3) отбасы - некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы;

4) неке жасы - адамның некеге тұру құқығына жеткендегі жасы;

5) балалық шақ - кәмелетке толмаған адамдардың құқықтық жай-күйі;

6) мүліктің шарттық режимі - ерлі-зайыптылардың және олардың осы некеден туған балаларының неке шартымен белгіленген меншігінің режимі;

7) суррогат ана шарты - балалы болуды қалайтын адамдар мен бойға бала бітірудің жасанды әдісін немесе эмбрион имплантациясын қолдануға келісімін берген әйелдің арасындағы келісім;

8) патронат - уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адамның (патронат тәрбиешінің) жасасқан шарты бойынша

ата-анасынын қамқорлығынсыз қалған балалар азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны

9) алименттер - алуға құқығы бар екінші адамға бір адам беруге міндетті болатын асырау қаражаты;

10) отбасылық жағдай - некеде тұрғандағы немесе айырыпысқандағы жағдай. Балалардың немесе отбасының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауы:

11) материалдық жағдай - жалақының, зейнетақының, басқа да табыстардың болуы немесе болмауы: олардың мөлшері: мүліктің болуы: еңбек қабілетін жоғалту дәрежесі: отбасының басқа мүшелерінен материалдық көмек алуы немесе алмауы:

12) азаматтық хал актілері - адамның құқықтары мен міндеттерінің пайда болуына және тоқтатылуына байланысты оны дараландыратын заңдық ресімделген мән-жайлар:

13) жақын туыстары - ата-аналар, балалар, асырап алушылар. асырап алынғанпар. ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сінлілер (аға-қарындастар). ата, әже, немерелер.

14) қорғаншы (қамқоршы) - қорғаншылық пен қамқоршылық жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған адам;

15) қорғаншылық (қамқоршылық) - кәмелетке толмағандардың және сот әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеттілігі шектеулі) деп таныған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны;

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. ҚР некеге тұру шарттарын атаңыз, қандай түсініктер қосар едіңіз?
2. Некені бұзудың себептері қандай? Өз мысалдарыңызды келтіріңіз.
3. Ұзақ және берік отбасының түбінеде не жатыр? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. «ҚР неке және отбасы заңына» қысқаша сараптама жасаңыз. Сіз не қосар едіңіз?

Сабақ тақырыбы: №8 Ұлт және ұлттық қатынастар. Қазақстан Республикасындағы ұлт мәселесі. Демография түсінігі.

1. Ұлт және ұлттық қатынастарға толық түсінік беру.

2. Қазақстан Республикасындағы ұлт мәселесі.

3. Демография түсінігі.

“Этнос” гректің – *ethnos* — тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда “халық” терминінің орнына “этнос” термині орынды қолданыла бастады. Бұл термин этностың негізгі тарихи түрі – “тайпа”, “ұлыс” (“народность”), “ұлт” ұғымын түгел қамтиды. Бүгінде этностық мәдениет пен ұлт тілдерінің өткені мен келешегіне көз жіберу үшін этностардың шығу тегін ғылыми методологиялық тұрғыдан қарастыру қажеттігі туып отыр. Л.Гумилев “этнос” туралы соңғы уақытқа дейін әр түрлі түсінік-анықтамалардың болғанына тоқталады. Айталық, біреулер “этнос дегеніміз — шығу тегі бір халықтар” десе, екіншілер “этнос — тілдің бірлігіне негізделген мәдениеттің тууы” дейді. Ал үшіншілері “этнос — бір-біріне ұқсас адамдар тобы” десе, төртіншілері “этнос - сана-сезімдері бір адамдар тобы” дейді. Бесіншілері “этнос” - белгілі бір қоғамдық формациядағы адамдардың шартты түрде топтасқан тобы” десе, ал алтыншылары “этнос — табиғаттың сыйы, этнос — әлеуметтік категория” дейді. Әр ұлттың өзіне тән мінез-құлық құрылысы ұрпақтан-ұрпаққа көшкен сайын өзгеріп отырады. Мысалы XVIII-XIX ғ.ғ. қазақтар мен бүгінгі қазақтардың мінез-құлқы бірдей емес. Тіпті қазақстандық жергілікті қазақтар мен Иран, Түркия, Моңғол қазақтарының мінез-құлқындағы айырмашылық бірден сезіледі. Ол – этникалық топтардың жергілікті халықтың психологиясы мен кәсіби ерекшелігіне қарай бейімделуіне байланысты.

“Этнос мүшелерінің мінез-құлық құрылымының бірізділігі қарым-қатынас нормасына негізделген. Олар: 1) жеке адам мен ұжымның арақатынасына; 2) жеке адамдардың өзара қатынасына; 3) этникалық топтардың арақатынасына; 4) этностар мен этникалық топтар арасындағы қарым-қатынасқа құрылады. Басқа этностардың басқаша нормалармен

байланысқа түсуіне әр этностың мүшелері таң қалады және өзінің тұқымдастарына басқа халықтардың “өрескелдіктері” туралы тандана айтатын болады. Мысалы, ертедегі афиналықтар скифтердің үйінің жоқтығын, ал өздерінің мейрамдарында есі кеткенше ішетінін ызалана айтады екен. Ал римдіктер еврейлердің сүндетке отырғызуын жаратылысқа қарсы әрекет деп айыптаған. Палестинаны жаулап алған рыцарьлар арабтардың көп қатын алуын ызалана сөз етсе, ал арабтар француз әйелдерінің бетін ашық ұстауын сөлекет санаған. Иудейлер римдіктерді шошқа етін жегені үшін жек көрген.

Этностардың тегі жеке адамдардың табиғи ортадағы тіршілікті қабылдауымен анықталады, ал қоршаған орта ол фактіні бекітеді. Олай болса, адамның белгілі бір этносқа қатысын анықтау сезімге негізделген. Ал адам сезімі оның өзіндік ойлауы және мінез-құлық ерекшелігін білдіреді. Адамның бір этносқа тән қасиеті оның бойына сәби кезінен бастап ата-анасының қарым-қатынасы, мінез-құлқы, іс әрекеті арқылы дарып, қалыптасады.

Қазақстан Республикасындағы ұлт мәселесі.

Саяси құрылуы жағынан унитарлы мемлекет болғанымен, Қазақстан аумағында 100-ден астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрып, еңбек етеді. Солардың ішінде мемлекеттің ұйытқысы –Қазақ халқы.Саяси публицистикада жергілікті ұлт республика атымен ұлт деген ұғымдар қолданылады. Ғылым тілінде ол автохтонды грекше-байырғы тұрғындар ұлт д.а. Қазақстан үшін Қазақтар автохтонды ұлт. Қазіргі кездегі деректер бойынша 2005ж Қазақстанда тұратын қазақтардың үлесі 58%-дан асты. Соңғы ғасырларда қазақ жеріне көптеген өзге ұлттармен ұлыстар өкілдері көшіп келіп қоныстанды. Қазақ елінің тарихи даму динамикасы сырттан қоныс аударушылардың көбеюінен ғана емес,жергілікті тұрғындар-қазақтардың шет елдерге көптеп кетіп қалу жағдайларынан да көрініс табады. Сонын нәтижесінде қазіргі Қазақстан көп ұлтты мемлекет болып қалыптасты. Қазақтар сәл азы - орыстар 30% болды. Ал өзге ұлт өкілдерінің

үлесі-17%. Олардың ішінде украиндар, немістер, өзбектер, корейлер, татарлар, ұйғырлар, басым. Қазіргі кезде автохтонды ұлттан өзге ұлт өкілдерін ұлттық диаспоралар д.а. Олардың бәрінің Қазақстаннан тыс жерлерде ұлттық-мемлекеттік құрылымдары бар. Қазақстанның ұлт мәселелеріне байланысты сол елдерден қатынас жасауы ұлтаралық қатынастар д.а. Қазақстан осы формадағы қарымқатынастарды Қытай, Өзбекстан, Қырғыстан, Тәжікстан, Германия, басқада еледермен жүргізеді. Ұлтаралық қатынастарды байсылды және ұстамды жүргізудің саяси маңызы зор. БҰҰ ұлтаралық қатынастар мәселелеріне ғаламдық проблемалардың бірі деп қарайды. Қазіргі заманда ұлт мемлекет сөзімен синоним ретінде қолданылады. Мысалы: ұлттық банк, ұлттық экономика, ұлттық университет, т.б. туралы естігенде, ол сол мемлекеттікі екенің ұға аламыз. Ұлт пен мемлекет сөздерінің көпшілік жағдайында бір ұғымды білдіруі – д/ж беталыс. Бұл – дұрыс болашақтың бағыты. Қазақстандағыдай көп ұлттылық жағдайында ешкімді ұлтына, ұлысына, қарап аналмай, демократиялы құқықты мемлекет құруға жұмыла кірісудің маңызы зор. ҚР - өз аумағында тұратын барлық азаматтардың ортақ Отаны. ҚР Конституциясы Қазақстанды өз отаным деп есептейтін барлық азаматтарды ұлтына, нәсіліне, тұрған жеріне, қызметіне, байлығына, жынысына, діни нанымдарына қарамастан, заң алдында, тең субъект ретінде қарастырады және тең дәрежеде қорғайды. Қазіргі қазақ мемлекеті республикадағы қазақтан өзге ұлт өкілдерінің азаматтық құқықтарына нұқсан келтірмейді. Кез – келген өркениетті қоғамның салауатты азаматы өзі өмір сүріп отырған Отаның сүйеге тиіс. ҚР. өз аумағында тұратын азаматтардың бойында мемлекет пен азамат арасында болуға тиісті барлық игі қасиеттердің үнемі көрініс беріп отыруына, ең алдымен, олардың отаншылдық сезімдерінің өз деңгейінде болуына мүдделі. Жалпықазақстандық отаншылдық дегеніміз – шын мәніндегі ұлттық сүіспеншілікке қашы келмейтін түрлі ұлт (аймақтарының) адамдарының республика жерін мекендеген этностар тағдырының тұтастығын, гүлдену мүмкіндігін терең ұғынады.

Демография түсінігі.

1916 жылдың ортасынан бастап қазақ үшін баяу болса да бірқалыпты демографиялық даму үдерісі аяқталып, жаңаша «отыз жыл ойран» басталды. Дәл осы жылы қазақ халқы сан жағынан өзінің өткендегі ең биік тарихи шыңына көтеріліп үлгерді. Осыдан кейін Кеңес үкіметі халқымызды отыз жылдың ішінде үш рет демографиялық дағдарыстарға ұшыратты. Соның алғашқы ойраны 1916-21 жж. апатты жылдардағы көтеріліс, ақпан мен қазан төңкерісі және олардың жалғасы азамат соғысы оқиғаларына қатысты. Соңғы үш жылғы ашаршылық және Ұлы Отан соғысы, жалпы алғанда барлығы үш жылға созылған қасіретті демографиялық апаттар халқымыздың санын 3,5 миллион адамға олқыландырып кетті. 1916 жылдың деңгейіне қазақтар 50 жылдан соң, тек 1966 жылы ғана көтеріле алды. 1916-21 жылдардағы алғашқы демографиялық апатта қазақ халқы ұзын саны баққандай 850 мың адамға шығынға ұшырады. Он жылға созылған қысқа мерзім ішіндегі демографиялық күйзеліске ұшыраған халықтың санын толтыру кезеңінен кейін қазақ елінің басына тағы да жолсыз және кенеттен оның тарихындағы ауыр апат жолықты, орталықтың әміршіл әпербақандығынан жасанды ашаршылық туындап, халқымыз бұрынсоңды тарихында болып көрмеген әміршілдіктің асыра сілтеуінен болған Қазақстандағы «қызылтабан қырғын» тек соңғы жылдары ғана «голощекиндік геноцид» деген өзінің саяси атына ие болды. Үш жылға созылған ашаршылықтан автономиялық республикада сол кездегі қазақ жұртының тең жартысына жуығы қырылып, Қазақстанан тысқары аймақтарға біржолата қайтып оралмастан көшіп кетті. «Отыз жыл ойран» өзінің дегеніне жетті.

Соның ең соңғы өткелі Ұлы Отан соғысы болды. Ұлы Отан соғысының тура және жанама шығындары халқымыздың санын тағы да олқыландырып кетті. Соғыстың жарасы ашаршылыққа қарағанда біршама жеңіл болды, себебі мұнда өсіп келе жатқан балалар мен тууға қабілетті әйелдердің аман қалу мүмкүндігі зор. Ұлы Отан соғысының шығындары тарихи ақталған шығындар деп санағанның өзінде, 20-30 жылдардағы екі апатты тағдыр

болмағанда, карапайым статистикалық есеп бойынша соғыс аяқталғанда қазақ халқы жана демографиялық сәтті қалыптасқан өмірбаян 6,5 миллиондық межеден бастар еді. Ондай жақсы жағдайда дәл бүгінде халқымыздың саны 22 миллионан асар еді. «Демографиялық қайта жаңғыру» деген 1970-2000 жылдардағы отыз жылдық кезең бізге несімен құнды? Осы кезеңде, яғни 1990 жылдың ортасында әлемдегі барша қазақтың саны қасиетті жеті нөлі бар 10000000 адамға жетті. Жаналықтың бірі қазақ әйелдері арасында бала санын шектеудің кең етек жая бастаған кезі еді. Мәселен 1998 жылы 200 000-ға төмендеген.

Соның өзінде де демографиялық дүмпудің күшті екпінмен 1945-2000 жемісті жылдардағы аралықта санымыз төрт еседей өсіп үлгерді. Бұл қазақ демографиясының алтын заманы болып тарихта қалуға тиіс.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қоғамның әлеуметтік құрылымына сипаттама беріндер.
2. Неке және отбасының қоғам алдындағы борышы не?
3. Демография түсінігіне сипаттама бер.
4. Қазақстан Республикасындағы ұлт мәселесі туралы не айтуға болады?
5. Отбасы қатынастарының құқықтық негіздері деген не?

Сабақ тақырыбы №9: Экономика түсінігі, оның қоғам өміріндегі орны мен ролі. Меншік дәрежесінде экономикалық және құқықтық ұғымы.

1.Экономиканың қоғам өміріндегі мәселелері.

2.Инфляциялық ахуалдар.

3.Ақшаның негізгі қызметтері.

Қазіргі кездегі ауқымды өзгерістер кезеңі қоғам өмірінің барлық саласын жан-жақты қамтуда экономика мен экономикалық теория бүгінгі күндерде қоғамды дамытудың басты пәрменді күші болып отыр. Экономикалық құрылымы өте күрделі және экономика ғылымы эволюциялық жолмен дамып, болжамдарды жалғастырып келеді. Экономика сонымен қатар қоғам өмірінің көптеген мәселелерін қамтиды. Әсіресе соның

ішінде баға, табыс, жұмыссыздық және тағы басқа құбылыстардың өзгерісімен тығыз байланысты. Қазіргі күндері экономиканы біріншіден - өндіріс, инфляция, табыстар қозғалысын түсіндіру және жазу үшін, екіншіден - экономикалық тәртіпті негіздеу үшін қолданылады.

Экономиканың өзін макроэкономика және микроэкономика деп екі салада қарастырамыз. Бұл екі сала өзара бір - бірімен тығыз байланысты болады. Міне, осы макроэкономика саласының күрделі мәселелерінің бірі инфляция болып табылады. Инфляция тек қағаз ақшаға тән және ол экономиканың кез - келген үлесінде орын алады, көбінесе инфляция айналымдағы ақшаның көбеюімен бейнеленеді. Бірақ кейде, инфляциялық ахуал, айналымдағы ақшаның саны бір қалып етақалған күнде - де туады. Мысалы, егер елде тауар өнімінің көлемі азайып кетсе, онымен тікелей байланысты тауар айналымының да көлемі азаяды. Олай болса, оларға жұмыс жасайтын ақшаның да саны азаяды. Сөйтіп ,дәл осы кезде айналымда жүрген ақшаның кейбір бөлігі артық болып шығуы мүмкін. Тап осындай жағдай ақша айналымы жеделдетілсе де туады. Ақша айналымын жеделдету, басқа жағдайлары бірдей болғанда, айналымға қосымша ақша шығарғанмен бірдей. Сонымен инфляциялық ахуал көптеген себептердің әсерінен тууы мүмкін. Осы себептерді екі топқа бөлуге болады:

1. Ақша айналымымен тікелей байланысты себептер

- Айналымға бюджеттің тапшылығын жабу үшін, тауарлық ресурстармен қамтамасыз етілмеген тым көп қолма - қол ақша шығару;
- Айналымға қолма - қол емес ақша шығарумен байланысты, шаруашылыққа шамадан тыс көп несие беру;
- Ұлттық валютаның бағамын бір деңгейде ұстау үшін Ұлттық банктің ,басқа елдердің, еркін айырбасталымды валюталарын сатып алу немесе сату.

2 Ақша айналымы мен жанама байланысты себептер

- Шаруашылықтың үйлесімді өркендеуінің бұзылуы;
- Шаруашылықтың шығынды тетігі;
- Салық саясаты;

- Баға саясаты;
- Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметі

Бір қарағанда екінші топта келтірілген себептер инфляциямен байланысы жоқ сияқты болып көрінеді, бірақ бұлардың әрқайсысы айналымдағы ақшаның жинағының өзгеруіне әсер ете алады, сөйтіп инфляциялық ахуал туғыза алады.

Экономикалық жүйеде меншік қатынастары ерекше маңызға ие. Нарықтық және нарықтық емес экономикалық жүйелердегі меншіктік қатынастардың бір-бірінен түбегейлі айырмашылығы бар. Орталықтандырылған, нарықтық емес экономика мемлекеттік немесе қоғамдық меншікке негізделеді, ал нарықтық бәсекеге құрылған экономика ең алдымен жеке меншікке негізделеді. Жеке меншік дегеніміз – тек мүлік қана емес (киім, үй, автомобиль,) адамадар арасындағы экономикалық қатынас. Жеке меншік мүліктің белгілі бір субъектіге тәнділігін көрсетеді.

Демек, ол сол мүліктің қожасы, иесі немесе толық билік жүргізушісі болып табылады. Басқаларға қарағанда жеке меншік иелері өзінің иелігіне, пайдалануына және құзырына өмірлік игіліктерді, мүлікті барынша көп қамтып қалуға тырысады. Жеке меншік – жеке адамдар мен фирмалардың жерді, капиталды және басқаларды пайдалану, сату және мұраға қалдыру құқылы. Өндіріс факторына жеке меншік жөніндегі қатынастар әр қашанда өндірісті ұйымдастыруда айтарлықтай рөл атқарған.

Түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындар.

Кәсіпорын деп – қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру және түсім түсіру мақсатында жұмыстарды атқаратын және қызмет көрсетін өнім өндіру үшін құрылған, шаруашылық жүргізетін субъект. Кәсіпорындар өз қызметін өздігінше жүргізеді, шығарылған өнімін, түсірген пайдасын өзі жұмсайды. Кәсіпорындар жеке мемлекеттік меншіктегі, қоғамдық және діни ұйымдардың меншігінде болып және әрекет етуі мүмкін. Меншіктің нысанына қарай халық шаруашылығында жеке, мемлекеттік және меншіктің аралас нысанындағы кәсіпорындар құрылуы мүмкін. Экономикасы дамыған

елдерде жеке азаматтардың меншігіне негізделген индивидуалдық кәсіпорындардың үлесі ерекше. Арендалық кәсіпорындар – мүлік иесімен сол мүлікті жалға алған еңбек ұжымы арасындағы жалға беру туралы шарт негізінде құрылады. Мемлекеттік кәсіпорындар мемлекеттік билік органдарынан өкілі мен құрылады. Мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкі бюджеттік қаражаттардың есебінен құрылады. Акционерлік қоғамдар заңды және жеке тұлғалардың ерікті бірлестіктері меншіктің аралас нысандарындағы кәсіпорындардың бір мүрі болып табылады. Акционерлерік қоғамдардан мүлкі қоғамның жарлық қорына қосқан акционерлердің салымындардың есебінен құрылады.

Нарық ұғымының бірнеше анықтамасы бар. Батыстан келген «рынок» сөзі әуел баста сатушы мен сатып алушы кездесетін «орын» ұғымын білдірген. Қазіргі кезде «рыноктың» қазақша баламасы ретінде алынып жүрген «нарық» ұғымы кең мағынада қолданылады. Нарық тауар өндірісі мен айналымы заңдары бойынша ұйымдастырылатын айырбасты сипаттайтын тауар қатынастарының жиынтығын білдіреді. Екінші сөзбен айтқанда, нарық дегеніміз нақты тауарды сатушылар мен оны алушылардың басын қосатын кез келген институт немесе механизм. Алғашында тауар айырбастау қарапайым формада, негізінен, баспа-бас түрінде жүзеге асырылды. Мұндайда «сатушы» мен «сатып алушының» мүдделері үйлесе бермейтін. Кейде адамдарға өздеріне қажетті тауарды алу үшін бірнеше айырбас жасауларына тура келетін. Сонымен қатар ұтылып қалмау жағын ойластыру тағы керек. Мысалы, қой иесіне балта керек болды дейік. Бір қойды үш балтаға айырбастауға болады. Ал қой иесіне бір ғана балта керек. Бір балта үшін ол қойын бере салмайтыны белгілі. Мұндай тығырықтан қалай шығуға болады? Оның бір-ақ жолы бар: өзге тауарлардың бәріне өлшем бола алатындай және сатушының бәрі кедергісіз қабылдайтын бір тауарды бекіту керек. Осылай ақша пайда болды. Ақша экономиканың даму тарихында «ерекше текті тауар» болып келді. Ақшаның ерекшелігі оның әмбебаптығынан, жалпыға танымал және нарыққа қатысушылардың бәріне

бірдей тұрақты құндылыққа ие болуынан көрініс береді. Ақша өзге тауарларды бір-бірімен айырбастау үрдісінде делдал-тауар қызметін атқарды. Әр уақыттарда және дүниенің түрлі бөліктерінде адамдар ақша ретінде әр түрлі тауарларды - астық, мал, қымбат тастар және металдарды пайдаланды. Ұзақ уақыттар бойы ақша есебінде алтын мен күміс жүрді. Қымбат металдардың физикалық қасиеттері ақша атқаруға тиісті талаптарды толық ақтады. Сондай-ақ металл ақшалардың маңызды қасиеттерінің бірі - оларды бөлуге болатын еді. қымбат металдар, көлемі қандай болса да, өзінің пайдалы қасиеттері мен құндылығын жоймайды. Құнды металдың белгілі бір көлемінің сақталуына мемлекет кепілдік ететін және күміс теңгелер пайда болды. Соңғы ғасырларда алтын және күміс теңгелердің орнына қағаз ақшалар жүре бастады. қағаз ақша алтын теңгелердің «өкілі» болып есептелді. Қағаз ақшаның құны алтынмен кепілденді және олар алтынға еркін айырбасталды, Біздің ғасырымызда қағаз ақшалардың алтынмен байланысы үзілді. Сонымен, ақша дегеніміз - жалпыға бірдей балама ретінде қызмет ететін ерекше тауар. Ақшаның мәні оның атқаратын қызметінен көрініс береді. Ақша, негізінен, үш түрлі қызмет атқарады:

- 1) айналыс құралы ретінде қолданылады, ақшаға кез келген тауарды сатып алуға болады,
- 2) құн өлшемі ретінде қолданылады, ақшамен нарыққа ұсынылған кез келген тауардың құны өлшенеді.
- 3) қорлану қоры қызметін атқарады, егер тауар өндіруші тауарды сатқаннан түскен ақшаны өзге тауарларды сатып алуға ұзақ уақыт пайдаланбаса, ондай ақша қазына құрау қызметін атқарады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Макроэкономика дегенді қалай түсінесіз? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Еңбекті ұйымдастырудың құпиясы неде? Толық жауап беріңіз.
3. Әлеуметтік экономикалық моделінің мәселесі неде болды? Ашық жауап беріңіз.

4. Жеке меншік құқығы дегенді қалай түсінесіз? Капиталистк экономика моделімен параллель жүргізіңіз.

Сабақ тақырыбы №10: Саясат және қоғамның саяси өмірі. Саяси процесс.

1. Саясат және саяси өмірге деген түсінік.

2. Саясат және мемлекет.

Қоғамның саяси өмірі деген түсінік басқару мен саясатты жүзеге асырудың нысандары мен түрлерінің, қоғамда болып жатқан өзгерістердің барлығын қамтиды. Саясат пен саяси билік саяси жүйенің барлық элементтерін қозғалысқа келтіреді, саяси байланыстар мен қатынастарды орнықтырады және барлық саясат субъектілерінің қызметін пәрменді етеді. Саяси өмір саяси билікпен тікелей байланысты және де ол саяси өмірдің нақтылы материалдық негіздерін құрайтын саяси байланыстар мен қарым-қатынастар арқылы көрінеді. Саяси өмірге қашан да болмасын аса көп мөлшерде адамдар тартылады. Саяси оқиғалардың нәтижелі болуы көбінесе осы адамдардың белсенділігі арқылы анықталады. Қоғамның саяси өмірінің дәрежесі көпшілік жағдайда жеке адамдармен әлеуметтік топтардың саяси сана-сезімі мен саяси мәдениетіне де байланысты болады. Қоғамның саяси өміріне сыртқы фактор ретінде табиғи орта, қоғамдық үстемдік етуші экономикалық қатынастар, идеология, бұқаралық ақпарат құралдары, дін, нәсілдік-ұлттық қарым-қатынастардың жағдайы және басқалар ықпал етеді. Сонымен, институттарының жұмыс істеуінен; азаматтарды саяси институттармен байланыстыратын саяси демократиядан; азаматтардың өздерінің саяси құқықтары мен бостандықтарын қорғап, қолдана алуынан, сонымен қатар саяси режимнен және саяси күштердің бірбіріне қарсы тұрып күресуінен көрінеді.

Қоғамның саяси өмірінде демократия үлкен рөл атқарады. Демократия мемлекеттік билікті ұйымдастырудың нысаны және де адамдарды қоғамның саяси өміріне жаппай тартудың әдісі ретінде әрекет етеді. Біз демократияға

мән бере сөз қозғаған кезде ең алдымен демократияның жеке адамға қатысты құбылыстарына -. адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына ерекше көңіл аударамыз. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жалпыға бірдей адам құқықтары жөніндегі Декларациясында құқық пен бостандықтың 4 топқа бөлінгені айтылған еді.

Бірінші топ - құқық пен бостандықтың қарапайым деп аталатын түрі. Бұған жататындар: өмір сүруге деген құқық, бостандық пен адамның жеке басына қол сұқпау, азаптау мен мейірімсіздікке, адамға рақымсыздық жасау мен жазалауға тыйым салу, барлық адамдардың заң алдында теңдігі мен заң арқылы бірдей қорғалуы және т.б.

Екінші топ азаматтық құқықтар. Бұлар баспана табуға құқығы, азаматтыққа құқығы, некеге отыру мен отбасын құруға құқығы және басқалар.

Саяси құқықтары - ой, ар-ождан мен дін еркіндігі, бейбіт жиналыстар мен ассоциациялар еркіндігі және басқалар. Бұдан басқа 22-28 баптарда экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен еңбек етуге, жұмысты І еркін таңдап алуға, білім алуға деген құқықтар келтіреді. Демократия арқылы адамдардың мемлекеттік істерге қатысуы жүзеге асырылады, азаматтыққа тәрбиеленеді, бұқаралық сана-сезімі мен саяси мәдениеті қалыптасады, адамның рухани өмірі байи түседі.

Мемлекет билік жүргізудің ең негізгі саяси институты болып табылады. Алайда қоғам дамуының белгілі бір сатысында билік күрделеніп, тек қана мемлекет уысында болудан қалады, биліктің қатынастары атқаруға мемлекеттік емес ұйымдар араласа бастайды. Қоғамның саяси жүйесі де күрделене түседі. Мемлекеттің жалпы мақсаттар мен мүдделерді іске асырудағы басты артықшылықтарының бірі, міне, осында. Оның маңызды қоғамдық ортақ істерді атқаратын мамандандырылған билік жүргізуші органдары бар: мысалы, заң шығарушылар құқықтық нормаларды қалыптастырса, әкімдер оларды қоғам мүшелеріне қатысты қолданады, соттар құқықтық нормалардың орындалуын қадағалайды. Мемлекеттің өз шешімдерін іске асыруға қажетті материалдық та, басқа да (мысалы,

ұйымдық нормалар жүйесі және т.б.) құрал-жабдықтары бар.

Мемлекеттің белгілерне мыналар жатады:

Біріншіден - мемлекет-саяси биліктің бүкіл елді мекенді қамтитын аумақтық ұйымдастырылуы. Бұдан оның бір мемлекетті екіншісінен бөліп тұратын шекарасы, әр мемлекеттің өз азаматтық институты ерекшеленіп шығады.

Екіншіден - мемлекеттің қоғамды басқаруға арналған арнайы тетігі, мекемелері мен органдарының жүйесі болуға тиіс. Бұл тетікке биліктің заң шығарушы, атқарушы және соттық тармақтарының институттары жатады.

Үшіншіден - мемлекет қоғам өмірін құқықтық негізде ұйымдастырады және оны іске асыратын арнайы органдары қызмет істейді.

Төртіншіден - мемлекетке егемендік тән, яғни ел ішінде де, басқа мемлекеттермен қарым-қатынасында да мемлекет билігінің үстемділігі, басқа биліктерге тәуелсіздігі болуға тиіс.

Бесіншіден - оның экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге арналған салықтар және басқа да міндеттелген төлемдер жүйесі болуға тиіс.

Саясат және мемлекет. Мемлекет және билік. Саясат әлемінің тең ортасында мемлекет, билік және биліктік қатынастар орналасқан, сондықтан осылар арқылы біз саясаттың мені мен мақсатын тереңірек ұғынамыз. «Саясат» пен «мемлекет» ұғымдарының байланысы тереңде жатыр. Саясат болмаса мемлекет те болмайды. Мемлекет саясат бар болған жерде ғана өмір сүре алады. Сонымен бірге бұл екеуін теңестіріп қоюға да болмайды. Саясат мемлекеттен тыс та өмір сүре алады. Мысалы, халықаралық ұйымдардың саясатын алсақ, оларда мемлекет шешуші рөл атқармауға тиіс. Ал саясат пен биліктің арақатынасына да соншалықты жақын, өйткені қандай қоғамдастықты алсақ та, онда билік пен биліктің қатынастарсыз өмір сүру жоқ. Алайда саясат болмаған кезде де билік, биліктің қатынастар болған (мысалы, рулық билік, тайпалық билік, ақсақалдар кеңесінің билігі және т. б.). Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің ішкі негізін құрайтын басты институт болып саналады. Сондықтан саясат дегенде, алдымен, «мемлекет» ұғымы ойға келеді. Саяси ой тарихында мемлекеттің табиғаты, мән - мақсаты

жайлы әр - түрлі көзқарастар орын алған. Аристотель мемлекет жалпы игіліктің, зерде мен әділдіктің орнығуының кепілі деп, оған жағымды мінездеме берсе, ағылшын ойшылы Т. Гоббс оның керісінше зиянды жақтарын баса көрсетіп, жан - жағын жалмайтын айдаһар іспеттес деп сипаттаған.

Ғылымды мемлекеттің табиғаты жайлы кең таралған тұғырнамалар бар. Теократиялық тұғырнама мемлекетті Құдай ісі деп қараса, патриархалдық теория бойынша мемлекет үлкен бір отбасына баланады да, басқарушы монарх пен оның қарамағындағылардың арақатынасы әке мен отбасы мүшелерінің арақатынасына теңестіріледі. Сол сияқты келісімдік теория, күш көрсету теориясы, маркстік таптық теориясы және т. б. бар. Бұл теориялар мен тұғырнамалар мемлекеттің мәндік анықтамаларының кейбір қырларын дұрыс бағамдағанымен, оның жалпы табиғатын, жалпы мүддеге беріктігін ашпайды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Не себепті саясат адам өмірінде маңызды рөл атқарады? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Саяси ойдың даму тарихына қысқаша сараптама жасаңыз.
3. Сіз саясаттың қандай бағыттарын білесіз? Тоық жауап беріңіз.
4. Мемлекеттің геосаясаттың негізінде не жатыр?

Сабақ тақырыбы №11 Құқықтық мемлекет. Азаматтық қоғам.

1. Құқықтық мемлекет ұғымы.

2. Азаматтық қоғамның жүйелері.

«Саясат», «билік», «мемлекет» ұғымдары жеке адамдардың, топтардың, бүкіл қоғамның жалпы мәні бар мүдделерін іске асырудың тәсілдерін білдіреді. Алайда адамдардың өмірі тек осы жалпыға ортақ қажеттер мен мүдделерге ғана тәуелді емес, күнделікті өмірде адамдардың көбісі әр түрлі жекелеген мүдделерді және қажеттерді өтеумен айналысады. Бұл үшін адамдар саяси емес институттарды (отбасы, мәдениет мекемелері,

ғылыми, кәсіптік және спорттық бірлестіктер, одақтар мен қауымдастықтар, БАҚ, діни мекемелер және т.б.) құрайды. Осы институттардың арқасында іске асатын адамдардың күнделікті өмірі азаматтық қоғам саласына жатады.

Азаматтық қоғам мынадай негізгі жүйелерді – өндірістік немесе экономикалық-шаруашылық, әлеуметтік, рухани және саяси жүйелерді қамтиды. Өндірістік жүйеге қоғамның материалдық негізін, ал саяси жүйеге тұтас қоғамдық-саяси жүйенің барлық негізгі элементтерінің жалпы мүддесі мен жалпы еркін іске асырудың тетігін қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік және рухани салалар өзара бірлігінде азаматтық қоғамды құрайды. Азаматтық қоғамның қойнауында барлық мүшелеріне ортақ түпкілікті құндылықтар, нұсқамалар, бағдарлар мен принциптердің бірегей кешені жасақталатын болады. Экономикалық та, саяси да жүйешелердің сипаттамалары азаматтық қоғамға тәуелді болады., өйткені олардың қай-қайсысында болсын басты рөлді азаматтық қоғамды құрайтын адамдар атқарады. Азаматтық қоғам қандай болса, яғни оны құрайтын адамдар қандай болса, экономика мен саясат та сондай болмақ. Басқаша айтқанда, экономика мен саясат азаматтық қоғамның туындысы болып табылады.

Сонымен, азаматтық қоғам дегеніміз- қоғамда мемлекеттің араласуынсыз және мемлекеттік органдар арнасынан тысқары дамитын тұлғааралық қатынастардың отбасылық қоғамдық, экономикалық, мәдени, діни және басқадай құрылымдардың жиынтығы болып табылады. Мемлекеттен тәуелсіз институттар мен тұлғааралық қатынастардың жүйесі жекелеген адамдар мен олардың топтарының күнделікті қажеттерін өтеу үшін, сөйтіп олардың өздерін жария етуі үшін жағдайлар жасайды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Сіз құқықтық мемлекеттің қандай моделін құрар едіңіз? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Биліктің негізгі типтері мен формаларын атаңыз, оның мағынасы неде? Толық жауап беріңіз.

3. Өзінің азаматтық айқындамаңызды қалай көрсетесіз? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. Кәсіби мемлекет деген не, толық сараптама беріңіз.

Сабак тақырыбы №12: Қоғамның рухани құндылықтары. Мәдениет

1. Қоғамның рухани құндылықтарының жиынтығы

2. Мәдениеттің түрлері.

«Мәдениет» ұғымы философиялық социологиялық, саяси және көркем әдебиетте жиі ұшырасады. Мәдениет туралы жазылған ғылыми еңбектерде берілген айқындамаларда әр алуан. Мәдениет дегенде біздің санамызға адамның ақылы, қолы мен жасалған игіліктердің жиынтығы көз алдымызға келеді. Мәдениет кең ауқымды мағыналы ұғым. Сондықтан мәдениетке берілген философтардың айқындамаларының біріне тұрақтануға тура келеді. Сонымен философтар былай тұжырымдайды. Мәдениет – қоғамның тарихи дамуына жеткен сатысын көрсететін, адамзаттың шығармашылық қызметінің үдерісінде жасалған және жасайтын рухани, материалдық құндылықтардың жиынтығы. Мәдениет -өнімдерін жасаудың мұраты айналаны қоршаған нағыздықты өзгертуге, адамзаттың тарихи дамуы үдерісінде жинаған бар байлығын жеке адамның рухани игілігіне жаратуға, адамды дамытуға бағытталуынан көрініс табады. Материалдық мәдениет адам өмірінің материалдық аяда қол жеткізген жетістіктерінің жиынтығынан тұрады. Оған адамның биологиялық өмірін қамтамасыз етуге қажетті игіліктер - азық-түлік, киім, баспана, еңбек және қатынас құралдары т.б. жатады. Материалдық мәдениетке тарихи және мәдени ескерткіштер де кіреді. Республикамыз тарихи ескерткіштерге өте бай. Бүгінгі күні 18,5 мың тарихи ескерткіш орындары анықталып отыр. Оның ішінде 13,5 мыңы құжаттандырылып, 3,1 астамы мемлекеттік қорғауға алынды. 205 республикалық дәрежедегі ескерткіштер бар. Олардың ішінде Қорқыт-ата мемориалдық кешені, Орда ескерткіші, Қожа-Ахмет Иассауи кесенесі, Ш.Уалиханов кешені, Жидебай әдеби –мемориалдық қорығы,

Черкасск қорғаны бар. Рухани мәдениет- ғылым, әдебиет пен өнер, философия, мораль, құқық, білім беру істерін қамтиды. Сонымен қоса, рухани мәдениет бұқараның саяси мәдениетін де қамтиды. Қоғам мүшелерінің, таптардың түрлі әлеуметтік топтардың, жеке адамның қызметінің сапасы, көз қарастары, дінділігі тұтастай қоғамның мәдениетінің деңгейін көрсетеді. Жеке адамның әлеуметтік топтардың қоғамдық қатынастарды өзгерту субъектісі ретіндегі қызметінің сапалық көрсеткіштері әлеуметтік дамудың да шамасын сипаттайды. Руханилық адамның хайуанаттар әлемінен өзгеше ерекше мәртебесінің көрінісі, оның қоғамдық тарихи тәжірибесінің нәтижесі, материалдықтан өзге екінші әлем, адамның өмір сүруінің ерекше формасы. Мәдениеттің даму үрдісінің екі жағы болады. Бірі-тұрақты, екіншісі-дамушы жаңалыққа толы жағы. Тұрақты жағы –тарихи даму үрдісіндегі адамзаттың жинақтаған тәжірибесі. Бұл –мәдени дәстүр. Жаңа ұрпақ сол тәжірибеге сүйеніп оны кеңейтеді, дамытады. Мәдени сабақтастық қоғам дамуының барлық сатыларында кездесетін заңды құбылыс. Өйткені, ол ұрпақтан –ұрпаққа жетістіктер мен құндылықтарды, тәжірибе мен дағдыны жалғастырып отырады. Ата –бабаларымыздан қалған тарихи мәдени ескерткіштер қазіргі кезде де өзінің рухани, ізгілік қызметін көрсетіп келеді. Мәдени мұралар әрқашанда ұрпақтың рухани азығының негізі болған.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Материалдық және рухани мәдениет, сіз оны қалай түсінесіз?
2. ҚР көпұлтты мәдениетінің артықшылығы неде? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
3. Қалайша ҚР Конституциясы ұлттық мәдениеттің мүддесін қорғауда тұрады? Толық жауап беріңіз.
4. Мәденеттердің арақатынасы, сіздің көзқарасыңыз қандай? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Сабақ тақырыбы №13 Дін, әлемдік діндер. Діннің қоғам өміріндегі ролі.

1. Дін, әлемдік діндерге түсінік.

2. Діннің қоғам өміріндегі ролі.

3. Әлемдік діндер.

Дін (религия) дегеніміз (латынша –тазалық, қасиеттілік, құдайға сенгіштік) құдайдың бар екендігіне негізделген дүниетаным мен тәртіптер жүйесі. Дін өзінің дамуында ұзақ және қиын қалыптасу жолынан өтті. Адамзат қоғамы дамуының алғашқы кезеңдерінде адамдардың санасына табиғат күштері әсерінен діни сенімдер қалыптаса бастады.

Табиғат жағдайларының мәнін түсінбеген, олардың алдында дәрменсіз адам қатты қорықты. Сондықтан табиғаттың құпия дүлей күштеріне қарсы күресу амалдарын табуға тырысты. Сөйтіп, діни қарым-қатынастардың қасиетті объектілері саналған заттарға, жан-жануарларға сыйына бастады. Сыйынатын объект фетишке айналды.

Дін бастауларының қайнар көздері де адам тәжірибесінде, адамның қоршаған ортаға тәуелділігін бейнелейтін әрекетін көрсетеді. Соған байланысты адам өзінен әлдеқайда құдіретті күштерді іздеуге мәжбүр болды. Нәтижесінде, сиқыршылық, фетишизм және басқа алғашқы сенім-нанымдар пайда болды. Діннің ең алғашқы түрі фетишизм болды. Ол жансыз дүниелерге табынудың нәтижесінде туындаған еді. Анимизм -жанның болатынына сендірсе, тотемизм- адамдар мен жануарлардың туыстығын дәлелдеуге тырысты. Бұл діни сенімдер алғашқы қауымдық құрылыс дамуымен сәйкес келіп, деңгейі жөніне сол қоғам талаптарын қанағаттандырды. Қоғамның одан әрі дамуы ұлттық-халықтық діндерді-политеизмді тудырды. Бұған классикалық мысал ретінде ежелгі грек қоғамында үстемдік еткен көпқұдайлық дінді алуға болады.

Ұлттық-халықтық діндердің қатарына иудаизм, индуизм, синтоизм, Конфуций ілімін жатқызуға болады.

Әлемдік діндер. Дүниежүзілік тарихи дамуда әр түрлі діндер әр түрлі рөл атқарады. Олардың ішінде әлемдік дін атына ие болған 3 дін:

будда, христиан, ислам діндері шешуші рөл атқарады. Шын мәнісінде осы діндер ғана өздерінің алғаш пайда болған аясынан шығып, миллиондаған адамдардың санасын жаулап ала алды. Әлемдік діндер даму барысында тарихи жағдайларға сәйкес өзгерістерге ұшырап отырды.

Будда діні б.з.д. VI- V ғғ. Құл иеленушілік қатынастар үстемдігі негізінде пайда болды.

Христиан діні алғашқыда Шығыс Жерорта теңізі өңіріндегі Еврей ортасында иудаизмнің бір тармағы болып құрылды да кейінірек өзінің туысқан негізінен батыл түрде бас тарта отырып, онымен бітіспес қарама-қарсылыққа бой ұрды. Б.з.б. I ғ. ол құлдар мен кедейлердің , Рим империясына бағынышты халықтардың арасына тарады. Содан кейін тарихи даму барысында жер шарының барлық аймақтарына тарады.

Христиан дінінің басты идеялары-Иисус Христостың күнә кешу қызметі, Христостың адамдар арасына екінші рет оралуы, азапты сот, аспанға жалбарыну, аспан патшалығының орнатылуы.

Б.з. VIIғғ.Арабияда басқа діндерден бөлек әлеуметтік жағдайларда қалыптасқан еді. Будда және христиан діндерінен ерекшелігі ислам діні олардай кенеттен түрде пайда болған жоқ. Ол араб феодалдарының өзге жерлерді басып алуға және сауда озбырлығын кеңейтуге бағытталған жоспарлы жұмысының нәтижесінде қалыптасты. Ислам Азия және Африка халықтарының арасында кеңінен тарады.

Дін тарихын оқып үйрену көбінесе дін және мәдениет арасындағы байланыстардың айқын мысалы бола алатын діни ескерткіштерді оқып үйрену арқылы жүзеге асырылады. Діни ескерткіштер дегеніміз – ең алдымен табыну ескерткіштері: діни көркемөнер ескерткіштері: діни әдебиет, діни сәулет өнері ескерткіштері болып табылады.

Дін адам баласының балаң кезінде туған. Санасының жетіле қоймаған шағында адам табиғаттың сан қилы көріністері алдында дәрменсіз болды. Күннің күркіреуін, жарқ-жұрқ еткен найзағай отын, аспан әлемінің о шеті мен бұ шетіне тартылған нәсер – осылардың бәрін халық қайдағы бір

"кереметтің" жасап жатқан кесапаты деп түсінді де, оған "құдай" деген ат тақты. Адам өлімінде де, оның қуанышын да сол "құдай" есімімен байланыстырды. "Жеті қабат жерді көтеріп, алты қабат аспанды тіреп тұрған кім. Ол – құдай, құдай әмірімен солай болып тұр" – дейтін ұғым да адам санасының сол бір балаң шағында туған еді. Өмір құбылыстарының бәрін құдай есімімен байланыстыру ертедегі көне замандардың өзіне тән ерекшелігі болатын.

Әрине, біздің мақсатымыз барлық діндерді атап, олардың шығу тегін, көздеген мақсатын айту емес, біз бір ғана ислам діні туралы әңгімелеспекпіз. Өзге діндер сияқты бұл діннің де шығу тарихы, таралу жолы, көздеген мақсаты болды. Ислам діні алдымен Таяу және Орта Шығыс пен Африканың біраз елдерінде тарайды, ол осы елдерді әлі де болса жайлап, өзінің дәрменсіз бұғауымен бірқатар халықтарды матап отыр. Толық емес мәліметтерге қарағанда дүние жүзінде осы дінді ұстайтын мұсылмандар саны 500 миллион адам болып отыр. Ислам дінін ұстайтын мұсылмандар Европаның бірқатар елдерінде де: Албанияда, Болгарияда, Югославияда, т.б. елдерде де кездеседі.

Бүкіл Арабия түбігендегі сияқты бұл қалада да бытыраңқы тайпалар да көп еді. Олардың басы қосылмай өз алдарына бір-біріне бағынбай өмір сүретін қаланың билеуші топтары осы тайпалардың басын қосып, біріктіруді ойдлайды және бір орталықтан басқарылатын мемлекет құрмақ болады, ол үшін тайпа атаулыны бағындырып бір қолда ұстайтын "бәрін билеп, бәрін көріп отыратын" құрал керек болды. Мұндай құрал дін еді. Міне, осы дін Арабтар тарихында тіршілік атаулының бәріне өктемдігін жүргізетін "құдыреті күшті" бір құдайға табынудың басталған дәуірін паш етуге тиісті болды. Ф.Энгельс "ерте замандағы діндердің бәрі стихиялы түрде пайда болған тайпалық діндер болды, бұлар әрбір халықтың қоғамдық және саяси жағдайларынан өсіп шығып, солармен бірте қайнасып кетті" дегенде бір құдайға табынушылықтың қалыптасу жағдайын ескерген болса керек.

"Бір құдайға құлшылық ету" идеясы шыққан соң, енді сол идеяны әрмен қарай дамытып, халық арасында тарату керек болды. Оны таратуды көздеген

әртүрлі діни қауымдар шыға бастады. Солардың бірі ханиф ұйымы деп аталады. Ұйым мүшелері көбіне Мекке феодалдарынан құралады.

Ислам діні мұраттарының жалғандығы. Әр діндегі адамдар өз діні ғана оларға дұрыс өмірлік мұрат береді дегенге сенді. Мұсылман діні иелері өз мұратын прогресс идеясымен, адамгершілік атаулымен тығыз байланысты болады-мыс дейді. Ал шындығына келсек, ислам дінінің мұраты болашақты ойламайды, өткенді көктейді, алға талпынбайды, артқа, заманы өткенді арман етеді. Өткен өмірге көз салу, ескіні көксеу, онан арман іздеу өзін -өзі және басқаларды алдау болып табылады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Діни сабырлық дегенді қалай түсінесіз? Ашық жауап беріңіз.
2. Дін тарихы болмыстың дәлелі дегенді қалай түсіндіреді? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
3. Сіздің ойыңызша Қазақстан діни мемлекет болу қажет пе? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. Діни ажырамдардың мағынасы неде? Мәселеге толық сараптама беріңіз.

Сабак тақырыбы №14: Қазіргі замандағы Әлемнің өркениеттің дамуы. Қазіргі кезеңдегі ғаламдық проблемалар

1. **Қазіргі замандағы Әлемнідегі жаһандық мәселелер.**
2. **Қазіргі кезеңдегі ғаламдық проблемаларды шешу жолдары.**

ҒТП–ң (прогрестің) арқасында қазіргі заманғы өркениет қаншалықты қарыштап дамығанымен оның кемшілік тұстары да көрініс бермей тұрмады. Жаһандық мәселелер деп – бүкіл адамзатқа, жер планетасына және оны мекен еткен тірі организмдердің тіршілік аясына түгел қатысы бар мәселелерді атау қабылданған. БҰҰ айқындап, ресми түрде жариялаған 13 жаһандық мәселенің ішіндегі бастыларына мыналар жатады:

- д/ж ядролық соғыс қаупін сейілту; экологиялық дағдарыстың бетін қайтару және оның зардаптарын жою; ұлт аралық қатынастар аясындағы

қақтығыстарды шешу; экономикалық жағынан дамуы жоғары және артта қалып келе жатқан елдер арасындағы алшақтықты қысқарту; д/ж демографиялық ахуалды реттеу; Сонымен қоса, соңғы он жылдықтарда үнемі д/ж ауқымда жиі алға тартылып келе жатқан мәселелер де бар. Олар: адамдардың денсаулығын сақтау; нашақорлыққа тыйым ; мәдени – рухани құндылықтарды жаңғырту; халық аралық лаңкестікпен күрес. Бұл айтылғандардың бәрінің Қазақстан қоғамы үшін де маңызы зор. Егер ұлттық тәуелсіз мемлекеті бар халықтардың, автономиялардың, федерацияға енетін көптеген өзге ұлттық құрылымдардың, ұлттық құрылымы болмаса да өздерін этноқауымдастықтың біріне жатқызатын халықтардың бәрін қоса есептесек, сонда олардың саны небәрі 300-ң көлемінде ғана болып шығар еді. Ұлтаралық қатынастар әрқашанда өзінің күрделілігімен, оғаштығымен, адамдардың жан – дүниесін қозғап, оларды шектестіріп жіберетін ықпалымен ерекшеленетін құбылыс. Соғыс өртінің тұтанып кетуі де көп жағдайларда осы ұлтаралық қатынастардың жөнге салынбауынан болып жатады. Руандадағы қақтығыстарда жүздеген мың адам қаза тапты. Соғыс халықаралық және мемлекетаралық қатнастарда күш көрсету жолымен реттеу әдісі ретінде адамзатқа ежелден таныс құбылыс. Қазір атом қаруы бар елдердің әскери қорында қарудың көптеген түрлері бар. Егер ұлы державалардың қолдарында бар ядролық қарудың 5 %-ын жұмсағанның өзінде жерде қайтып орны толмас экологиялық апат жасау болар еді. Ғалымдардың, саяси қайраткерлердің бағалаулары бойынша, егер III – д/ж соғыс болатын болса, ал адамзат жасаған өркениет тарихының трагедиялық ақыры болады. Жаппай қарулану деп экономиканы әскерилендіруді F.T.P. жетістіктерін әскери мақсатта кеңінен қолдануды негіз ете отырып, қарулар мен әскери техника қорын жанталаса молайтуды және жетілдіруді айтамыз. Қазіргі заманға жаһандық мәселелердің ішінде қоршаған ортаның ластану және ол үдірістерді тоқтату мәселелерінің орны ерекше. Жердегі тіршілікті қамтамасыз ететін негізгі мәселе – қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді арақатынас адамдардың дүниетанымы деңгейімен , табиғатқажәне оның

байлығына қатынасымен, әлеуметтік себептермен айқындалады. Экология- (мекен, ілім) – организмдердің бір- бірімен және қоршаған ортамен өзара қарым – қатынасын зерттейтін ғылым.

XXI.ғ басында жер шарында мыңдаған ірілі – ұсақты халықтар, ақ, сары және қара нәсілдер өкілдері өмір сүруде. Олардың 192 – і жеке мемлекет ретінде БҰҰ - на мүше болды. Олардың арасында миллиондаған шаршы шақырым аумақты иеленген, жүздеген миллион тұрғындары бар алып мемлекеттер де, аумағы бірнеше мыңдаған шаршы шақырыммен өлшенетін, халқы да мыңмен саналатын ұсақ мемлекеттер де бар. ҒТП дегеніміз – ғылымның, техниканың және технологияның қарыштап дамуын негізге ала отырып, өндіргіш күштердің түбегейлі жаңаруын қамтамасыздандыратын, сонысымен адамның өмірлік қызметіне тікелей әсер ететін, кең ауқымды сапалық өзгерістер. Ғылымның, техниканың және өндірістің өзара байланысына негізделген. ҒТП еңбек пен өндірістің сипатын өзгере отырып, еңбек өнімділігінің тез артуын, өнімнің жоғары сапалылығын қамтамасыз етті, қоғам өмірінің барлық жақтарына өзгеріс әкеле отырып, адамзаттың ғаламат ақыл иесі ретіндегі келбетін паш етті, оның зияткерлік мүмкіндігінің айғағы, XX ғ. мазмұнын айқындайтын негізгі факторға айналды. ҒТП дамуының қазіргі заманғы өркениеттің сипаттамасына лайық, маңызды көрінісінің бірі адамзаттың ғарыш кеңістігін зерттей бастауы болып табылады. 1957 жыл алғаш жердің жасанды серігі (ЖЖС) ұшырылғаннан бері қарайғы кезеңде түрлі мақсатпен мыңдаған аппарат жер айналасындағы ғарыш алабына шығарылды. Ғарышты зерттеудің негізгі бағыттары ретінде ғарыш техникасын бақылау, зерттеу құралдарын жетілдіру, шаруашылық және әскери мақсаттарды көздеген тәжірибелер жүргізілді. Ай мен күн жүйесінің планеталары зерттелді. Қазір ғарыштан жер беті, мұхит экваторийлары, бұлт қабаттары, табиғи құбылыстары бақыланады. Ғарыштан түсіп жатқан ақпараттарды мыңдаған ғылыми мекемелер мен өндіріс орындары пайдаланады. ЖЖС-ның көмегімен алыс радиотелевизиялық байланыстар мен метеорологиялық бақылаулар жүзеге асырылады,

навигация жүйесі жұмыс істейді. Табиғи ортаны бақылауды тұрақты қызметіне көмек көрсетіледі, Ресей, АҚШ, Франция, Англия, Жапония, Қытай, Үндістан, Қазақстан елдерінің ғарышты зерттеуінің ұлттық бағдарламалары бар. Аспан денесі ретінде Жерді және оның қойнауларындағы өзгерістерді зерттеудің, Жердегі ауа райын болжаудың, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәселелердің ғаламдық, жалпы планеталық сипаты бар. Мемлекеттердің бірлескен күшін жұмсау қажеттілігінен ғарышты зерттеу бағыты ғылыми техникалықтан гөрі саяси фактор ретінде алға тартылады. Ғарыштың халықаралық ұстанымы әлем елдерінің барлығын осы бағыттағы зерттеулерге жұмылдыру қажеттігін ұйғарады. Ғасырлар тоғысында ғарыштың зерттеулерге қатысушы елдердің саны ұдайы өсіп отырды. 1984-1986 жж. көп жақты кооперация шеңберінде кометаларды зерттеуші «Шолпан – Галлей кометасы» халықаралық жобасы жүзеге асырылды. 1972 ж. бастап бұрынғы КСРО мен АҚШ бірлескен бірнеше бағдарламаларды жүзеге асырды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қазіргі заманда «Шығыс-Батыс» арасында қандай арақатынас көріп тұрсыздар? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
2. Глобалдық мәселелердің пайда болу себептері қандай? Өз жауабыңызды толықтырыңыз.
3. «Экогуманизм» дегенді қалай түсінесіз, өз жауабыңызды түсіндіріңіз.
4. Адамзатта жарқын болашақ бар ма? Толық жауап беріңіз.

Қорытынды сабақ.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қазіргі кезеңде қоғамдық қарым-қатынас дегенді қалай түсінесіз? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз
2. Өз алдымен өзіңізге қанадай рухани құндылықтарды алдыңғы қатарға қоясыз? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

3. Қазақстандағы демографиялық мәселені қалай оң жолға қояр едіңіз?
Саяси іс-әрекетке толық сызба беріңіз.
4. Сіз пәк қоғам деп қандай қоғамды айта аласыз? Өз жауабыңызды түсіндіріңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясы 1948 ж.
2. Бала құқығының Конвенциясы 1989 ж.
3. ҚР Конституциясы 1995 ж.
4. ҚР Азаматтығы туралы заңы.
5. ҚР Тіл туралы заң.
6. ҚР Білім беру туралы Заң.
7. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» даму стратегиясы,1997ж.
8. Қ.Жүкешов. «Адам және қоғам» А, «Глобус», 2003 ж.
9. Н.Күнғожаев «Адам және қоғам» ,Алматы, 1998 ж.
10. Кравченко А.Н. «Обществознание» Москва, 2000 ж.
11. Г.Сапарғалиев., «Мемлекет және құқық негіздері», Алматы, 1999 ж.
12. Тұрғынбаев «Философия» Алматы, 2005 ж.
13. Тұрғынбаев Л., «Социология», 2005 ж.
14. Любимов Л., «Основы экономики» ,Москва, 1994 ж.
15. Д.Жамбылов., «Саясаттану негіздері»
16. В.Тимошинов., «Культурология», Алматы, 2000 ж.
17. Кулаков А.Е. «Религии мира» Москва, 1998 ж.